



# Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 43 (842) 24 қазан 2024 жыл

[www.facebook.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi)

[https://vk.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://vk.com/Magzhan_zhuldizi)

e-mail: [magzhan.zhuldizi@yandex.kz](mailto:magzhan.zhuldizi@yandex.kz)

## МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

### ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ - РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



#### Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Еліміздің басты ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар! 1990 жылдың 25 қазаны біздің мемлекетіміздің қалыптасуы мен дамуының бастау алған күні болып тарихқа енді.

Бұл күні қабылданған Қазақстанның Тәуелсіздігі туралы Декларация егеменді мемлекетті орнықтыру, еліміздің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, демократиялық бағытты айқындау мен азаматтардың еңбекке, шығармашылыққа және жарқын болашақ құруға деген талпыныстарын жүзеге асыруға көпіндік беру секілді біздің мемлекетіміздің негізгі мақсаттарын айқындап берді.

Тәуелсіздік Декларациясының мазмұны әрдайым өзекті, өйткені ол біздің мемлекеттің де, халықтың да ортақ мақсаттары мен ізгі ниеттерін білдіреді. Осыдан 34 жыл бұрынғыдай қазір де Тәуелсіздік Декларациясын және Тәуелсіздік идеясын бағдар етіп ала отырып, біздің Отанымыздың алдында тұрған барлық сынақтарға төтеп беруге және жеңуге дайын болуымыз керек.

Еліміздің даму бағыты бізге болашаққа нық сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Өйткені біздің ортақ мақсатымыз – Тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістіктерді сақтау және оны одан әрі дамыту.

Солтүстік Қазақстан облысы да бұрынғыдай Отанымыздың гүлденуіне өзінің қомақты үлесін қосатынына сенімдімін.

Біз өңір тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру және экономикалық тұрақтылықты нығайту үшін облысымыздың даму әлеуетін тиімді пайдаланатын боламыз.

Шын жүректен Сіздерге мықты денсаулық, бейбітшілік пен отбасылық татулық, бақыт, иглік, сондай-ақ Отанымыз – Тәуелсіз Қазақстан Республикасына табыстар мен гүлдену тілеймін!

**Ғауез НҮРМҰХАМБЕТОВ,**  
Солтүстік Қазақстан облысының өкімі.

#### Құрметті мағжандықтар!

Сіздерді Ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

25 қазанда біз халқымыз үшін ең маңызды күндердің бірі – Республика күнін атап өтеміз. Бұл күн азаматтық келісім мен ұлттық бірліктің, еліміздің бүгінгі күні мен келешегіне деген ортақ жауапкершіліктің мерекесі.

Бұл күні мемлекетіміздің берік іргетасы қаланды, біз қазір бір-бірімізге деген төндік пен құрмет орнаған еркін қоғамымызды құрып жатырмыз.

Бүгінде әлем тұрақтылық пен бейбітшілікке ұмтылуға негізделген өлімізді өлемнің бесігі деп таниды. Біз Қазақстанның саяси және экономикалық салалардағы жетістіктерін, оның халықаралық аренадағы табыстарын мақтан тұтамыз.

#### Құрметті жерлестер!

Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап Сіздер ауданымыздың дамуына зор үлес қостыңыздар, бұл мереке жүректіңізді бірлік пен жасампаздыққа деген ұмтылыспен толтырды. Сіздерге ашық аспан, келісім мен тұрақтылық тілеймін, әр отбасында бақыт пен амандық орнасын!

**Рахат СМАҒҰЛОВ,**  
аудан өкімі.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



### ШЕКАРАЛАС ӨНІРЛЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

*Өңірлігізге Омбы облысының губернаторы Виталий Хоценко бастаған ресейлік делегация келді. Делегация құрамында облыстың әкімінің қызметкерлері мен іскер топтардың өкілдері барды. Бұл сапар екі өңір арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған маңызды шара болып табылады. Осы ретте кездесу барысында аймақаралық байланыстарды дамыту, әлеуметтік мәдениет және білім саласындағы өзара іс-қимылды тереңдету мүмкіндіктері ұсынылды.*

Алдымен делегация мүшелері өңірдегі өндіріс орындарын аралады. Атап айтқанда, фанер, қағаз, сабын өндіру және «Петропавл Металл Құрылғылары» зауытын аралап көрді. Ондағы заманауи технологиялар мен өндіріс үдерісі делегация мүшелерінің қызығушылығын тудырды. Ал кәсіпорын басшылары өнімдері мен өндірістік тәжірибелері туралы ашық баяндады.

Солтүстік Қазақстан мен Омбы облысы – географиялық жағынан шекаралас жатқан өңірлер. Бұл тарихи, мәдени және экономикалық байланысты нығайтуға негіз болып табылады. Шекаралас аймақ болғандықтан шешетін ортақ мәселелер де бар. Екіжақты кездесу кезінде өңір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов делегация мүшелеріне облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуымен, инвестициялық мүмкіндіктерімен таныстырды.

«Солтүстік Қазақстан және Омбы облысы арасында тарихи және мәдени байланыстар бар. Біз осы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру үшін тиімді жобаларды бірге жүзеге асыруымыз керек. Әр өңірдің экономикалық әлеуетін ескере отырып, өзара тиімді шешімдер табуымыз қажет. Бұл тек екі облыстың ғана емес, қос елдің де дамуына оң әсерін тигізетініне сенімдімін. Біздің күш-жігеріміз, идеяларымыз бен ресурстарымыздың бірігуі оң нәтижелерге жеткізеді, – деді облыс өкімі Ғауез Нұрмұхамбетов.

Омбылық делегация өз тарапынан ынтымақтастықты дамыту үшін арнайы ұсыныстары барын айтты.

– Біз бірге жұмыс істеп, өзара тиімді жобаларды жүзеге асыруға ниеттіміз. Осы ынтымақтастық аясында ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және туризм салаларында бірлескен бастамаларды қолға алуды ұсынғамын, – деді Омбы облысының губернаторы Виталий Хоценко.

Кездесу барысында маңызды меморандумдарға қол қою рәсімі өтті. «Qyzyljar» арнайы экономикалық аймағы мен «Теплоэксперт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Солтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық

компаниясы» акционерлік қоғамы мен «ЗМК МОСТ» зауыты өзара ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойды. Бұл құжат екі өңірдің кәсіпорындары арасындағы экономикалық байланысты нығайтуға, жаңа жобаларды жүзеге асыруға, сондай-ақ технологиялар мен инновацияларды бөлісуге мүмкіндік береді. Меморандум аясында тараптар бірлескен жобаларды іске асыру, кадрларды даярлау және өндірістік үдерістерді жетілдіру бойынша бірлескен жұмыстар жүргізуді жоспарлап отыр.

Омбы делегациясының сапары барысында екі жақты келіссөздер өткізіліп, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және туризм салаларындағы серіктестікті арттыру мәселелері де талқыланды. Солтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы саласында әлеуеті зор аймақ болғандықтан, бұл бағыттағы ынтымақтастық екі тараптың да экономикалық тұрғыдан дамуына серпін бермек.

Сонымен қатар, білім беру және мәдениет саласындағы байланыстарға да ерекше назар аударылды. Екі өңірдегі жоғары оқу орындарының арасындағы ынтымақтастық студенттер мен ғалымдардың тәжірибе алмасуын күшейтуге, бірлескен ғылыми жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Жоспарланған мәдени іс-шаралар мен көрмелер де халықтар арасындағы өзара түсіністік пен достықты нығайтуға маңызды рөл атқарады.

Сапардың соңында омбылық делегациясы орталық саябақтағы Абай-Пушкин ескерткішіне гүлшоқтарын қойды. Бұл іс-шара екі елдің мәдени байланысының, достығы мен өзара сыйластығының айғағы болмақ.

Осылайша, өңірлер арасындағы стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңін бастады. Ынтымақтастықты дамыту арқылы екі аймақ та өздерінің экономикалық және әлеуметтік дамуын жаңа деңгейге көтеріп, халықтың әл-ауқатын арттыруға ұмтылмек.

Ләзиза МЫРЗАШТАЙҚЫЗЫ.

ҚАРИЯЛАРЫМЫЗ - ҚАЗЫНАМЫЗ

## ЖЕРЛЕСТЕР ҚЕЗДЕСУІ - ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН ЖИЫН



Жерлестер кездесуіне аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шәріпов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ескендір Елеусізов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, сондай-

Туған жерінде көп жыл бойы еңбек етіп, қартайған шағында балалары мен немерелерінің қолына барып, облыс орталығына көшкен қариялар аз емес. Осыны ескерген аудандық ардагерлер кеңесі он шақты жыл бұрын облыста алғашқылардың бірі болып «Жерлестер кездесуі» ұйымдастыруды қолға алған болатын. Міне, биыл да ол дәстүрге айналған жиын қарияларды қолдау айлығы аясында етіп, мағжандықтар «Кристалл» мейрамханасында бас қосты.

ақ ауданның құрметті азаматтары Зейнолла Олжабаев, Болат Қазанов және қалада тұратын басқа да мағжандық қариялар қатысып, жалындаған жас кезінде еңбек еткен жылдарын қуанышпен еске алды.

Шынында, да күш-жігері мен мүмкіндігі мол жастық шақта туған жерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан жандар әрқашан құрметке лайық.

Мәселен, Оралбай Шәріпұлының ауданға сіңірген еңбегі орасан зор. Оның кеудесінде жарқыраған әртүрлі мемлекеттік және мерейтойлық медальдары соның айғағы. Ақсақалдың басқарып келе жатқан аудандық ардагерлер кеңесі облыста ең үздік ұйым. Оның күнделікті қызметі әрқашан қарияларды қолдауға арналған.

Ауыл шаруашылығы саласының ардагері - Зейнолла Олжабайұлы да туған ауданы үшін қажырлы еңбек еткен жан. Еңбек жолы көнестік кезеңмен тұспа-тұс келген қария көптеген үкіметтік наградалармен және «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған тұлға. Атақты қолбасшы, ержүрек батыр Бағдар Баянның ұрпағы

ретінде ол арғы атасы туралы бірнеше кітап шығарып, мақала-зерттеулер жариялап, оның тәуелсіздік үшін күрескен еңбегін паш етуге зор үлес қосып келеді.

Ауыл шаруашылығы саласында қажырлы еңбек етіп, қоғамдық жұмысқа белсене қатысқан Болат Сатыбалдыұлы да өмір бойы ауданда абыройлы қызмет етті. Бір сөзбен айтқанда, кездесуге жиналған әрбір қарияның қажырлы еңбегі Мағжан елінің гүлденуіне бағытталғаны сөзсіз. Содан болар, ақ дастархан басына жиылған жерлестер өткені мен бүгінгі талқылап, құрметке бөленді. Өйткені әр салада еңбек етіп, саналы ұрпақ өсірген жандар елеусіз қалмай, қоғамда үнемі лайықты орнын алып жатады.

Қасиетті Мағжан елінен ат терлетіп келген басшылар қазыналы қарияларға жылы лебіздерін білдіріп, туған жерінің ыстық сәлемін жеткізді. Мерекелік дастархан жайылып, ауданның үздік көркемөнерпаздары өннен шашу шашып, қарияларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Жиын жоғары деңгейде өтіп, сонында жерлестер қимастықпен қоштасты.

Серік ЫСҚАҚОВ.

ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНДА

## АЛҒЫС ХАТТАР МЕН ПАРТИЯ БИЛЕТТЕРІ ТАБЫС ЕТІЛДІ

22 қазан күні «AMANAT» партиясының аудандық филиалында белсенділері марапаттау рәсімі өтті. Іс-шара бірлікті, еркіндікті және Қазақстанның жарқын болашағына ұмтылысты бейнелейтін Республика күнін мерекелеуге орайластырылды.

Салтанатты шараны партияның аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов ашып, Тәуелсіздік пен ел жетістіктерінің символы ретінде Республика күнінің маңыздылығын атап өтті. Төлеген Әлжанұлы Қазақстанның жетістіктері - азаматтардың ұжымдық еңбегінің нәтижесі екенін және марапаттау рәсімі партиялық бастамаларды белсенді қолдайтындарға және қоғамның дамуына ықпал ететіндерге алғыс білдіруге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Іс-шарада Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды оқиғалардың бірі - атом электр станциясын салу бойынша референдум өткізудегі партия белсенділерінің роліне ерекше назар аударылды. Төлеген Әбілмәжіновтың айтуынша, референдум нәтижелері қазақстандық демократияның азаматтық жауапкершілігі мен жетілуінің жоғары деңгейін көрсетті. Ол Референдумды ұйымдастыруға және өткізуге қатысқандардың барлығына алғысын білдіріп, олардың еңбегі мен табандылығы осы маңызды жобаны сәтті жүзеге асыруға ықпал еткенін атап өтті.

Салтанатты сөзден кейін марапаттау



рәсімі басталып, Референдуммен партияның басқа да іс-шараларын ұйымдастыруға елеулі үлес қосқан белсенділерге Алғыс хаттар табыс етілді. Сондай-ақ, бұл күні партияның жаңа мүшелеріне партиялық

билеттер табысталды. «AMANAT» қатары партияның белсенді және идеалдарына берілген партиялықтармен толықтыру оның жемісті дамуы мен қатарларының өсуі үшін қажет.

Мерекелік іс-шара Қазақстанның дамуында шешуші рөл атқаратын партиялық белсенділік пен азаматтық қатысуын маңыздылығын атап өтті.

Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

## РЕСПУБЛИКА КҮНІ - БІРЛІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ СИМВОЛЫ



Мемлекеттік егемендік туралы Декларация елдің үдемелі ілгерілеуінің берік іргетасын қалап, Қазақстанның тарихи тандауын белгіледі. Шынында да тағдырлы құжат біздің территориямыздың болашағын білдіретіндігі мен қол сұғылаушылығын, жалшұзғлттық бірегейлікті күшейтуге, азаматтардың

25 қазан — біздің еліміз үшін маңызды күндердің бірі. Дәл осы күні 1990 жылы Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл ел тәуелсіздігіне азғашқы қадам болды. Қазақстанда Республика күні еліміздің басты, ұлттық мерекесі болып табылады. Биыл біз оны есі мәртебеде үшінші рет тойлап жатырмыз.

құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге міндеттемесін бекітті. Бұл іргелі қағидаттар бүгінде Қазақстанның Конституциясында, заңдарында және стратегиялық бағытында көрініс тапқан.

Егемендікті жариялау мемлекет тарихындағы маңызды қадам болып табылады. Тарихи даму нәтижесінде әлемнің көптеген елдері республикалық басқару формасына келді. Республика латын тілінен аударғанда «Халықтың күші» дегенді білдіреді, бұл елді басқарудың осы тәсілінің демократиялық сипатын көрсетеді. Біз саясаттану ұғымы ретінде басқару формасы туралы айтатын болсақ, ол жоғарғы билікті қалыптастыру тәсілін білдіреді. Республикаларда мұндай өмбебап әдіс сайлау болып табылады.

Тәуелсіз мемлекеттің Егемен халқы ел азаматтары арасынан депутаттар мен президентті өзі сайлайды. Бұл еркін тандау құқығы, тең дауыс беру құқығы, ол өз тәуелсіздігі мен егемендігін қорғауда еркін халықтарды басқарады. Мұндай ұлттылық халықты біріктіреді, барлық азаматтарды бостандық, теңдік және Тәуелсіздік идеялары мен құндылықтары төңірегінде біріктіреді. Сондықтан бүкіл әлем бойынша және әртүрлі елдерде Республика күні Тәуелсіздік жолындағы бірлік пен бірлік мерекесін білдіреді.

Бүгінгі таңда біздің еліміздің егемендігі белгілі бір нәрсе ретінде қабылданады. Бірақ Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтарының еңбегінің нәтижесі болғанын әрдайым есте ұстаған жөн.

Біздің алдымызда, олардың ұрпақтары, Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін сақтау мен нығайтудың жоғары мақсаты тұр.

Барлық қазақстандықтарды Қазақстан Республикасының күнімен құттықтаймыз! Бұл мереке сіздің жүрегіңізді бірлік пен ұлы мемлекет құруға деген ұмтылыспен толтырсын. Сіздерге зор денсаулық, бақыт, шығармашылық шабыт, еңбек жетістіктері, Отанымыздың игілігі үшін жемісті жұмыс тілейміз! Біздің барлық бастамаларымыз нәтижелі, ал болашағымыз жарқын болсын!

Гүлжан ЖАНСУҒИРОВА,  
Мағжан Жұмабаев ауданы  
ішкі саясат, мәдениет және  
тілдерді дамыту бөлімінің  
бас маманы.

Описторхоз – балықтар арқылы таралатын паразиттік ауру. Нежісте немесе өтте гельминт жұмыртқалары анықталған кезде дәл диагноз расталады. Описторхоздың көбеюінің негізгі ықтимал себебі – адамдардың белгісіз сауда орындарында балық сатып алуы, жеке гигиена ережелерін дұрыс сақтамауы және балық өнімдерін дайындамас бұрын термиялық өңдеуден өткізбеуі.

## ОПИСТОРХОЗДЫ АЛДЫН АЛУ

Описторхоздың негізгі белгілері 4 аптаға дейін созылатын дене қызуының 37-38С дейін көтерілуі, әдетте 2 аптаға дейін созылатын бет пен денедегі бөртпелер, жиі бас ауруы, ұйқының бұзылуы, әлсіздік, тершеңдік және табеттің төмендеуі, аллергиялық құбылыстар. Егер описторхоз толық емделмесе, ол бауырдың абсцессіне, өттің қабынуына және жүрек ауруына әкелуі мүмкін.

Аурудың негізгі көзі - езендерде мекендейтін тұқы тұқымдасы. Описторхозды жұқтырмау үшін ең алдымен балық пен балық өнімдерін термиялық өңдеу ережелерін қатаң сақтау қажет.

**Алдын алу үшін келесі шараларды сақтау қажет:**

- қайнаған сөттен бастап балықты кем дегенде 15-20 минут пісіріңіз;
- оны кішкене кесектерге кесіп, жақсырақ жабылған қапқақ астында 15-20 минут қуырыңыз;
- Балық пирогын пеште кем дегенде 40 минут пісіріңіз;

- тұздау кезінде 10 кг балыққа 2 кг тұзды қолданыңыз, екі немесе одан да көп апта бойы тұздаңыз;
- кептіру кезінде алдымен балықты үш күн бойы тұздап, үш апта бойы құрғатыңыз;
- мұздату кезінде балықты мұздатқышта немесе суықта -28 ° С температурада 41 сағат бойы ұстаныңыз;
- Аздап тұздалған балық пен строганинаны жеуден аулақ болыңыз.

Ешбір жағдайда шикі балықты немесе оның ішектерін үй жануарларына беруге болмайды, өйткені бұл жұқтыру қаупін арттырады, онда жануарлар описторхоздың таралу кезіне айналуы мүмкін. Өңдеусіз тұтынылған балық пен тағамдарды кесу кезінде өртүрлі кесу тақталарын пайдалану керек.

Кез-келген сауда орындарында балықты сатып алу ұсынылмайды!

**Арайлым ШҰҢҒЫЛШИНА,**  
**Мағжан Жұмабаев ауданының СЭББ жетекші маманы.**

## МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҮЙ-ЖАЙЛАРЫН ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАУ

Дезинфекция-бұл жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың қоздырыштарын жою жөніндегі шаралар кешені. Профилактикалық мақсатта, сондай-ақ жануарлар ауруларының ошақтары пайда болған жағдайларда жүргізіледі. Мажбүрлі дезинфекция кезінде ағымдағы және қорытынды дезинфекция жүргізіледі.



Дезинфекция аяқталғаннан кейін зат препараттың иісі толығымен жойылғанша желдетіледі. Дезинфекция сапасын анықтау мақсатында ветеринариялық зертханаларда зерттеулер жүргізіледі. Мұндай зертханалық зерттеулердің нәтижелері қосымша дезинфекция жүргізуге негіз болып табылады.

**Елена ЯКУНИНА,**  
ветеринария дәрігері.

## МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУМЕН ҚАМТУДЫ КЕҢЕЙТУ

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың міндетті (қосымша) деңгейі ретінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (Қор) арқылы жүргізілуде.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары жұмыс берушілердің жұмысқорлар үшін, сондай – ақ жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардың өздері үшін Қорға тәлейтін әлеуметтік аударымдары есебін қалыптастырады. Бұл ретте, еңбек шарттарын жасасқан жұмысқорлар үшін әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналары сияқты жұмысқордың жалақысынан ұсталынады, ол жұмыс берушілердің қаражаты есебін төленеді.

Әлеуметтік аударымдарды уақтылы және толық төлеу міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға еңбек ету қабілетінен айырылуы, асыраушысынан айырылуы, жұмысынан айырылуы, жұктілікке және босануға байланысты, сондай-ақ бір жарым жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айырылуы сияқты әлеуметтік төуекелдер туындаған кезде әлеуметтік төлемдер алуды қамтамасыз етеді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне 6,4 млн-ға жуық жұмыс істейтін азамат қатысады және жыл сайын 1,2 млн. адам Қордан әлеуметтік төлемдер алады. 2005 жылдан бастап Қордан жалпы сомасы шамамен 4,2 трлн теңгеге төлемдер төленді, оның ішінде Солтүстік-Қазақстан облысы 71 млрд.теңге.

Адамдардың барлық бас санитары тұмауға бейім. Инфекция көзі - аурудың айқын немесе жойылған түрі бар науқас адам, ол жетелу, түшкіру және т.б. арқылы вирусты шығарады. Науқас аурудың алғашқы сағаттарынан бастап аурудың 5-7-ші күніне дейін жұқпалы болады.

Инфекция тұмау вирусы бар сілекей мен шырыштың кішкене тамшыларын жұту арқылы пайда болады және эпидемиялар мен пандемиялар түрінде өте жылдам таралумен сипатталады. Төуекел тобына балалар, қарттар, жүкті әйелдер, созылмалы жүрек және өкпе аурулары бар адамдар жатады.

Инкубациялық кезең бірнеше сағаттан 3 күнге дейін, әдетте 1-2 күнге созылуы мүмкін. Аурудың ауырлығы жеңілден ауыр гипертоникалық формаға дейін өзгереді. Тіптік тұмау инфекциясы әдетте дене температурасының күрт көтерілуінен (38 ° С-40 ° С дейін) басталады, ол әдеттегі интоксикация белгілерімен бірге жүреді: қалтырау, бұлшыңет ауыруы, бас ауруы және шаршау.

Әдетте, мұрыннан ағу жоқ, керісінше, мұрын мен тамақтың айқын құрғақтық сезімі бар; Әдетте кездеуге ауырысуымен бірге құрғақ, шиеленісті жетел пайда болады. Тегіс ағыммен бұл белгілер 3-5 күн бойы сақталады, ал науқас қалпына келгеннен, бірнеше күн бойы қатты шаршау сезімі сақталады, әсіресе егде жастағы науқастарда.

Тұмаудың орташа, ауыр және гипертоникалық түрлері ауыр асқынударды тудыруы мүмкін.

**Тұмаудан болатын асқынудардың бірнеше негізгі түрлері бар:**

- Өкпе: бактериялық пневмония, геморрагиялық пневмония, өкпе абсцессінің қалыптасуы, эмпиема түзілуі, респираторлық дистресс синдромы
- Өкпеден тыс: бактериялық ринит, синусит, отит, трахеит, вирустық энцефалит, менингит, неврит, радикулоневрит, бауырдың зақымдануы, Рей синдромы, миокардит, токсикалық-аллергиялық шок.

**Қазақстан Республикасында мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасындағы жауапкершілікті базалық, міндетті және ерікті деңгейде бөлуді көздейтін әлеуметтік қорғау жүйесінің көп деңгейлі моделі қалыптасып және бұйінде қарқынды жүзеге асырылуда.**

Отандық еңбек нарығында болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, атап айтқанда, «платформалық жұмыспен қамту» сияқты жұмысқа орналастырудың жаңа түрі кеңінен тарала отырып, әлеуметтік аударымдар төленуі тиіс тұлғалар санаты да кеңейде.

Мәселен, ҚР Әлеуметтік және Салық кодекстерінің нормаларына сәйкес, ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап интернет-платформалар мен мобильді қосымшалар (мысалы: Яндекс, Uber, Glovo, Wolf және т.б.) арқылы қызмет көрсететін тұлғалар үшін, яғни мобильді қосымшаны пайдаланатын платформалық жұмыспен қамтуға тартылған таксистер, курьерлер үшін арнайы салық режимі енгізілді.

Интернет-платформа операторы (мысалы, «Wolt» тамақ жеткізушісі) табыстың 4% - ұстайды, оның 1% - жеке табыс салығы, 1% - әлеуметтік аударымдар, 1% - міндетті зейнетақы жарналары және 1% - міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары.

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық агенттерімен жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық

өкілдіктері мен консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін жеке тұлғалардың кірістерінен әлеуметтік аударымдар ұсталатын және Қорға аударылатын болады.

Әлеуметтік аударымдардың мөлшерлемесі 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 5% құрайтын болады. Бұл ретте, салық заңнамасына сәйкес, салық төлеушілер әлеуметтік салықтың есептелген сомасын Қорға төленген әлеуметтік аударымдар сомасына азайтады.

Әлеуметтік аударымдар төленбейтін кірістерді қоспағанда, жұмыс берушінің еңбекке ақы төлеу ретінде табыс түрінде төленетін шығыстары әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.

Айта кету керек, бір төлеушіден әлеуметтік аударымдарды есептеудің ай сайынғы объектісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы шығына белгіленген ең төменгі жалақының (ЕТЖ) 7 еселенген мөлшерінен аспауы және 1 ЕТЖ-ден кем болмауы тиіс.

Әлеуметтік төуекелдер туындаған жағдайда Қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері жеке есептеледі және Қорға төленген әлеуметтік аударымдардың толықтығына және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне тікелей байланысты болады.

## ТҰМАУ ЖӘНЕ ОНЫ АЛДЫН АЛУ

Тұмау – тұмау вирусы тудыратын тыныс алу жолдарының жедел жұқпалы ауруы. Жедел респираторлық вирустық инфекциялар тобына кіреді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша, әлемде маусымдық эпидемиялар кезінде жыл сайын 250-ден 500 мыңға дейін адам өледі, кейбір жылдары өлім саны миллионға жетуі мүмкін. Көбінесе тұмаудан қайтыс болғандар 2 жасқа дейінгі балалар мен 65 жастан асқан қарт адамдар болады.

Тұмаудың (және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекциялардың) алдын алудың маңызды медициналық және экономикалық маңызы бар. Медициналық маңызды профилактиканың арқасында аурудың ауыр түрлерімен сырқаттанушылық пен үлес салмағының айтарлықтай төмендеуіне, тұмау мен ЖРВИ-мен байланысты пневмонияның, ауруханаға жатқызудың және өлімнің айтарлықтай төмендеуіне қол жеткізуге болатынында.

Экономикалық маңызды тұмаудың (өсіресе өнім индеттерінің) көсіпорындар мен мекемелердің жұмысын жиі қиындатып, кейде салдандырып жіберетінінде. Сонымен қатар, экономикалық шығындар айтарлықтай болғанымен, жиі бағаланбайды.

Тұмаудың алдын алудың ең тиімді әдісі вакцинация болып табылады, ол вакцинацияланғандардың 90%-ында аурудың пайда болуына жол бермейді және 100% дерлік жағдайларда асқынудардың дамуынан қорғайды.

Эпидемияға дейінгі кезеңде 60 жастан асқан адамдар, созылмалы соматикалық ауруларымен ауыратындар, жиі жіті респираторлық вирустық аурулармен ауыратындар, мектеп жасына дейінгі балалар, мектеп оқушылары, медицина қызметкерлері, қызмет көрсету саласының қызметкерлері, көлік, оқу орындары, өскери қызметкерлер, ең алдымен, эпидемияға дейінгі кезеңде тұмауға қарсы вакцинациялауға жатады.

Осыған байланысты, әлеуметтік төлемге жүгінер алдында Қорға келіп түскен әлеуметтік аударымдардың сомасын egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы онлайн режимде және екінші деңгейдегі банктардың мобильді қосымшалары немесе жеке басын қулаңдыратын құжатпен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік қорпорациясының бөлімшесіне (ХҚКО) немесе Қордың филиалына жүгіне отырып тексеру қажет.

2024 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша шамамен 1,2 млн. адам жалпы сомасы 622,4 млрд. теңгеге Қордан әлеуметтік төлемдер алды, оның ішінде Солтүстік-Қазақстан облысынан Қордан әлеуметтік төлемдерді жалпы сомасы 6,8 млрд. теңге 19 371 адам алды.

Қорытындылай келе, әлеуметтік төуекелдер туындаған жағдайда жұмыс істейтін азаматтармен салыстырғанда жұмыс істейтіндердің әлеуметтік қорғалуы жоғары екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты, біздің азаматтарымыздың жұмысқа орналасқан кезде жасалған еңбек шарттарының болуы және әлеуметтік өріпестіктің барлық тараптарының (жұмыс берушілер, қызметкерлер және мемлекет) қолданыстағы заңнамда көзделген құқықтар мен міндеттерді сақтауы ерекше маңызға ие.

**Айгүл ЖҮНІСОВА,**  
мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының директоры.



Балалар мен әресектер тез арада мүмкіндігінше көп уақыт өткізулері керек, өйткені он жерде тұмауды жұқтыру мүмкін емес. Ашық ауада болығанда, гипотермияны да, қызып кетуі де болдырмау үшін ауа-райына сәйкес киіну керек.

Иммундық жүйені нығайтуға бағытталған тұмау мен ЖРВИ-дің алдын алу бойынша жалпы ұсыныстар жеткілікті ұйқыны, теңдестірілген тамақтануды және физикалық жаттығуларды қамтиды.

Микроэлементтер бар мультивитаминді препараттарды қабылдау ұсынылады. Азық-түлік өнімдерінің ішінде С витаминінің ең көп мөлшері ашытылған қырыққабат шырынында, сондай-ақ цитрус жемістерінде – лимондарда, мандариндерде, киви, мүжидек, лингонжидек, итмурын. Тұмау мен ЖРВИ эпидемиялық ерушінің алдын алу үшін диетаға табиғи фитонцидтерді - пияз, сарымасқ қосу керек. Мүмкін болса, шамадан тыс жұмыс пен стрессік жағдайлардан аулақ болуға тырысыңыз.

Дерілік препараттармен алдын алу. Бүгінгі таңда тұмаудың алдын алуға арналған дәрі-дәрмектердің кең таңдауы бар. Бірақ мұндай құралдармен алдын алудың тиімділігі жеткіліксіз екенін атап өткен жөн, сонымен қатар көптеген препараттар тек А тұмауы вирусына қарсы тиімді (бірақ В емес).

**Мағжан Жұмабаев ауданының СЭББ.**

# КІТАПХАНАШЫ - МАҢЫЗДЫ МАМАНДЫҚ



Қоғамдағы қызығарынысызды пәзделі қаранығындай сөзге, көсікпен, ал игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар - ең қажет, айыройлы мамандық келері. Кітапханашылар - білім, ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына елімізге үлес қосып, өркениетті әлге айылуындағы негізін қалаушы. Бүгінгі біздің осы аталы отырып кейінгісіне ең ішкі шебер, әрбір жұмысына ішкі мазар құрарып, ауылдастары үшін көмек етіп жүрген кітапханашы - Гүлнар Төлтаева жайлы болсақ,

тепте оқып жүргеннен-ақ, мектепшілік іс-шараларға белсенді қатысып, кітапханадағы өзіне ұнаған кітаптардан бас алмай оқып, білімін одан әрі жетілдірген екен.

Мектептегі оқуын ойдағыдай аяқтаған Гүлнар Төлтаева Челябинск қаласына аттанып, суретші-дизайнер мамандығына оқиды. Ал 2017 жылы тағы да оқуға түсіп, Петропавл қаласындағы гуманитарлық-техникалық колледжін кітапханашы мамандығы бойынша бітірген. Ауыл кітапханашысы 20 жылдан бері Молодогвардейское ауылдық кітапханасында жұмыс істеп келеді. Ол осы ауылда өмірлік серігін жоқтықтырып, бүгінгі күнге дейін бақытты гүмбір кешуде.

Жан-жақты кейіпкерімізбен тілдесу барысында өзінің қызықты жұмысы туралы бірнеше ақпараттармен бөлісті.

- Жоғарыда айтып кеткенімдей мен бұл кітапханада 20 жылдан бері қызмет атқарудамын. Осы жылдан аралығында көптеген іс-шараларды өткізуге белсене араластым. Мысалы, «Әз Наурыз» мерекесінде және 9 мамыр - Желіс күнінде жүргізуші болсам, кітапханаға келген оқырмандармен

дөңгелек үстел, әртүрлі кездесулер өткізіп тұрамын. Сондай-ақ мен «Мұрагер» этномәдени орталығының жетекшісі болып та қызмет атқарамын, - дейді өз ісін майталманы.

«Сіздің осы күнге дейін қандай жеткен жетістіктеріңіз бар?» деген сауалға кітапханашы Гүлнар Төлтаева былай деп жауап берді.

- Былтыр 2023 жылы аудандық кітапхана қызметкерлері арасында өткен тартысты конкурста екі рет бірінші орынға ие болдым. Биыл да осындай конкурстарға қатысып, жүлделі екінші орын алдым. Жыл сайын ауданымызда аталып өтілетін төл мерекемізде аудан әкімінің Алғас хаттарымен бірнеше рет марапатталсам, Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық орталықтандырылған жұмысінің грамоталары мен дипломдары да бар, - деп жеткен жетістіктері жайлы біраз сыр шертті.

Гүлнар Сартайқызының отбасы жайлы айтар болсақ, ол жолдасымен бірге екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген. Үлкен ұлы - Жанбота өзінің жеке ісімен айналысады. Ал екінші ұлы Руслан - Астана қаласындағы

станционарда гинекология бөлімшесінің меңгерушісі болып қызмет атқарады. Қызы Айнур - облыстағы орман шаруашылығы басқармасында бас маманы болып жұмыс жасайды, ал кенже қызы Әсем денсаулығына байланысты үйде анасының жанында екен.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» - деген мақалды өзінің ұстанымы еткен біздің кейіпкеріміз, жұмыстан тыс уақытта тігіншілікпен де айналысатынын да жасырмады.

- Ауылда көбі мені тігінші ретінде де таниды. Көмек сұрап келген адамдарға қолымнан келгенше көмектесемін. Жалпы тігін тігу өзіме қатты ұнайды. Сондықтан да болар әртүрлі киімдер, ұлттық костюмдер мен тағы да басқа дүниелер тігемін, - дейді кейіпкеріміз өз сөзінде.

Кітапхана - біздің рухани құндылығымыз, төндессіз байлығымыз, өйткені өткен заманы өрнектеріңдей тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтерін де содан табамыз. Сондықтан біз, кітапханашылар, білімің бастауы - кітап етіп отырып, кітап мәртебесін көтеремін бірге, өлімізде болып жатқан әрбір оқиғалардың насихатының өкөндігімізді көрсетуіміз керек.

Еңдеше, ауданның барша кітапханашыларын осынау қуанышты мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, бар жақсылық пен жұмыстарыңыздың жемісін көре беріңіздер дейміз.

Қызы ӘТЕНАТОВА

## 27 ҚАЗАН – ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

# АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН ЖАНДАР

Күнделікті өмірде әлеуметтік қызметкердің жұмысы көзге көрінбегенімен, ол өте ізіндікті, қоғамға аса қажетті мамандық. Сондықтан өлімізде әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлеріне құрмет көрсету мақсатында 2011 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен 28 қазан – әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні болып бекітілген болатын. Осыған орай, біз бүгін Веселовка ауылындағы жалғызбасты және көмекке мұқтаж қарияларға әлеуметтік қызмет көрсететін Бірінеоатар вулпелі жайлы аңгімелейміз.

Ринат пен Гүлдара Біркеновтар 2014 жылы шаңырақ құрып, қазір үш сүйкімді қыз тәрбиелеп отырған бақытты жаңа. Екеуі де мамандықтары бойынша медицина қызметкерлері. Дегенмен, олар әлеуметтік салаға кездейсоқ келген жоқ. Ринат Оразұлы 15 жылдай Веселовка ауылында фельдшер қызметін атқарып келеді, қосымша қарияларға әлеуметтік қызмет те көрсетеді. Ал Гүлдара Назымбекқызы 2011 жылы Петропавл қаласындағы медициналық колледжін бітіріп, екі жылдай Байшілік ауылында фельдшер болып еңбек еткен. Кейін Веселовка ауылындағы бастауыш мектепте медицина қызметкері болған. мектеп жабылған соң, әлеуметтік қорғау жүйесі саласына ауысып, бүгін жұбайы екеуі оң қарияға әлеуметтік қызмет көрсетеді екен. Осылайша, білікті мамандар ауылдағы қарияларға көмек қолын созуға әрқашан дайын.

Әлеуметтік қызметкерлер атқаратын қызметтер сан салалы болып келеді. Ол мәдени-ағартудан бастап, қаржы-шаруашылық, тіптен санитариялық-гигиеналық, медициналық қызметтерді

қамтиды. Мәселен, біздің кейіпкерлер қарамағындағы қарттардың үй жанындағы жер телімін өңдеп, бау-бақша өнімдерін жинау жұмыстарын үйіндастырады, үй ішін және есік алдын тазалайды, ағаш аралайды, коммуналдық (газ, телефон, электр қуаты) төлемдерін төлейді, үйіне, моншаға су тасып береді, жертеледен көкөністерді алып береді, тағам даярлап, жуынуға көмектеседі, поштадан немесе банктен зейнетақысын бірге барып, алып береді, қыс мезгілінде ауласындағы қарды тазалап береді, үйден тыс жерде бір елді мекен шегінде онымен бірге ілесіп жүреді, аял жазуға және оқуға көмек көрсетеді, ыстық тамақ, азық-түлік және күнделікті қажетті азық-түлік емес тауарларды сатып алады және үйге жеткізіп береді, пеш жағуға, отын, көмір және су әкелуге, кір жууға, тұрғын үй-жайларды жөндеуге және жинауға жәрдемдеседі.

Сондай-ақ олар өзіне бекітіп берілген әлеуметтік қызмет алушыны дәрігердің кеңесі бойынша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етеді. Дәрігерге дейінгі көмекті көрсетеді: ыстығын өлшейді, қыздыратын компресс

қояды, үйге дәрігер шақыруды, сондай-ақ шұғыл жағдайларда алғашқы медициналық көмекті жүзеге асырады, денсаулық сақтау ұйымдарында ілесіп жүреді.

Міне, қызығы мен шығы мол мамандық иелерінің қарапайым қызметі ауқымды. Сондықтан мұндай жұмысты атқару үшін әлеуметтік қызметкердің бойында ең алдымен шыдамдылық, төзімділік, мейірімділік, адамгершілік секілді адами қасиеттер басым болып, қариялардың жасын құрметтеп, олардың психологиялық ерекшеліктерін, жан дүниесін түсінетін адам болуы тиіс. Ерлі-зайыпты Ринат пен Гүлдар Біркеновтар дәл осындай қасиеттерге ие жандар. Сондықтан болар, әлеуметтік қызмет алушы қариялар оларға дән риза. Үнемі алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдіріп отырады.

Содан болар, бүгін әлеуметтік қорғау жүйесін дамытуда аянбай еңбек етіп, мұқтаж жандардың игілігі үшін төр тәккен мамандар қандаша құрметке лайық. Көп балалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандар және



өзге де өмірдің қиындығына тап болған адамдарға мейірімділік пен қайырымдылық, төзімділік және әрдайым қол ұшын беруге дайын тұратын әлеуметтік қызметкерлерді кәсіби мереке-

лерімен құттықтап, алғыс арқалаған мамандық иелеріне мықты денсаулық, мол бақыт пен бақ-береке тілейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

## 29 ҚАЗАН – ҚҰЗЕТ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ



# ҚҰЗЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ САҚШЫСЫ

Қазақстандағы құзет ұйымдары қызметкерлерінің күні кәсіби мерекесі Қазақстанның мерекелер күнтізбесінде 2017 жылы пайда болды және алғаш рет 2018 жылғы 29 қазанда атап өтілді. Оны ішкі істер органдарының мамандандырылған құзет бөлімшелерінің барлық қызметкерлері және жеке құзет ұйымдарының қызметкерлері атап етеді.

Жұмабаев ауданы взводы құзетеді. Осы құзет ұйымында полиция аға сержанты Елнур Нұрмұқанов қызмет атқарады.

Елнур Өзбекстан Республикасынан оралған қандас. 2005 жылы оның отбасы Медвежка ауылына қоныс аударған екен. Ол осы ауылдағы орта мектепте білім алып, спортпен шұғылданған. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Виктор Славныйдың бастамасымен кикбоксингпен және үстел теннисімен айналысқан. Елнур Төлебайұлы – кикбоксингтен облыс чемпионы және басқа да жарыстардың жеңімпазы, оған қоса, үстел теннисінен аудан чемпионы. Содан болар, төпсе темір үзетін жас жігіт мектеп бітірген соң, бірден әскерге аттанған. Ол ҚР Шекара қызметі түсіп, Алматы облысы, Боралдай кентінде №2177 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеген.

Авиациялық механик лауазымын атқарып, әскери тәртіптің қыр-сырын меңгерген кейіпкеріміз үйіне аман-есен оралған соң, құқыққорғау органдарына құжат жинап, өз таңдауын жасайды. 2018 жылдың 11 қаңтарында құзет қызметіне келген Елнур Нұрмұқанов алғашқы еңбек жолын Петропавл қаласында бастайды. Үш жылдай құзмет атқарып, 2021 жылы Умида есімді

бойжеткенмен отбасын құрады. Қазір ардақты ата-аналар Нұриман атты үл тәрбиелеп отыр.

Елнур 2021 жылы аудандық взводқа ауысып келіп, бүгінгі күнге дейін айырылғы еңбек етуде. «Антра кенге полиция атану үшін бойдағы қайсарлық пен төзімділікті шындап, ең бастысы еліңе қалтқысыз қызмет етіп, темірдей тәртіпке үйрену керек», - деп есептейді ол.

Біз мамандығымызды мақтан етеміз. Өйткені, Отанға адал қызмет етіп, қарапайым азаматтардың қауіпсіздігін құзетеміз. Мен ғана емес, ішкі істер органдарында қызмет ететін барлық тәртіп, құзет сақшылары осындай ойда деп есептеймін. Күнделікті жұмыста келжылығ адал қызметімен көзге түскен полицейлерден үлгі аламыз. Олардың қатарында полиция старшиналары Жақсылық Үкенов пен Елсан Бөкенов сынды сақшылар бар. Олар өз міндеттерімен қатар жас полицейлерге бағыт-бағдар беріп отырады», - дейді тәртіп сақшысы.

Аудандық взводтың командирі Аян Махметовтың айтуынша, қазіргі таңда взводта 20 адам қызмет етеді екен.

Әрқайсымыздың өз міндетіміз бар. Негізгі салмақ құзет қызметіндегі сақшыларға түседі

ғой. Олардың негізгі міндеті – стратегиялық, аса маңызды, экономикалық нысандарды құзету. Жұмыс күніміз таңғы жетіде басталады. Күнделікті саптық тексеріс етеді, міндетті түрде нұсқаулық жүргіземіз. Осыдан кейін қаруларын қабылдап алып, әр бөлімше өзіне бекітілген мекемені құзетуге аттанады. Құзет қызметіндегі полицейлер бір тәулік істеп, екі тәулік демалады. Яғни, бір тәулік істеп, келесі күні басқа ауысым қызметке келеді. Одан бөлек, құзет сақшылары аптасына екі рет әскери қызметтік дайындықтан өтіп, тұрақты түрде физикалық жаттығулар жасап тұрады. Біздің міндет қарапайым азаматтарды қорғау болғандықтан, біздің жігіттер физикалық жағынан мықты болып, көз-келген жағдайға сақадай сай болулары тиіс, - дейді полиция капитаны.

Әскердегі темірдей тәртіптің мұнда жүз пайыз сақталғанына күмән жоқ. Аудандық взводта байқампаздық, қырағылық сияқты қасиеттерді бойына сіңірген, әбден шыңдалған қарулы күш иелері қызмет етеді. Егер құзет қызметіне орналасуға ниет білдірген жастар болса, алдымен оған міндетті түрде әскери билет қажет, бұдан бөлек білімі және спорттық жетістіктерінің болуы да маңызды. Жұмысқа 35 жасқа дейінгі азаматтарды қабылдайды екен.

Расында, бұл құрылымның ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінде орны ерекше. Еңдеше, қызмет барысында түрлі сын-қатерлерге төтеп беруге дайын тұратын қырағы да батыл құзет сақшыларын кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз!

Еркін ТӨЛЕГЕН.

СПОРТ

## БАЛУАНДАР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

17 қазан күні ұлттық спортымыз - қазақ күресімен шынығып тәрбиеленіп жатқан балуандарымыз үшін сәтті болды. Осы күндері үйіре тәрбиеленушілері аудандық және облыстық деңгейде өткен жарыстарда жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтқанда, 2011-2012 және 2013 жылы туған кіші жасөспірімдер СҚО Аққайың ауданы Ленинское ауылында ұлағатты ұстаз Р.Өркешевті еске алуға арналған қазақ күресінен облыстық турнирде Ақкерем Дарын 35 кг салмақта 3-ші орынға ие болса, Әміржан Әлішер 38 кг салмақта жарыс чемпионы атанды.

Бұлаев қаласында Батыр Баян атындағы спорт кешенінде 2007-2008 жылы туған жасөспірімдер арасында өткен еркін күрестен аудандық жарыста Диас Ташенов 65 кг салмақта және Тәмерлан Фабдулин 71 кг салмақта күміс жүлдегер атанды.

Қазақ күресінен жаттықтырушы-оқытушы Амангелді Бөкіров пен оның тәрбиеленушілерін жақсы жетістіктерімен құттықтап, алдағы жарыстарда да жеңіс тілейміз.

**Ермек ИСМАҒҰЛОВ,**  
БЖСМ басшысы.



## САҒЫНТАЙ МАЙЛАШЕВ – «КӘСІПОДАҚ БАРЫСЫ»

18-19 қазан аралығында Петропавл қаласында Салалық кәсіподақтың 100-жылдығына орай, «Кәсіподақ барысы» атты қазақ күресінен облыстық жарыс болып өтті. Республикалық турнирдің облыстық кезегіне Петропавл қаласы мен облыстың мектептерінен 25 балуан қатысты.

Мағжан Жұмабаев ауданының намысын екі балуан Сағынтай Майлашев пен Азамат Бөкіров қорғады. Азамат Әміржанұлы 90 кг дейінгі салмақта күресе, Сағынтай Бақытжанұлы 90 кг жоғары салмақта белдесті. Екі мағжандық балуан да барын салып, лайықты өнер көрсетті.

Нәтижесінде Сағынтай Майлашевің бабы мен бағы қатар шауып, ол 90 кг жоғары салмақта «Кәсіподақ барысы» атанды. Енді Сағынтай Бақытжанұлы Тараз қаласында өтетін республикалық жарыста облыс атынан шығып, өңір намысын қорғайтын болады.



## СҰҢҚАР ЗАРАП – БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ТУРНИРДЕ ТОП ЖАРДЫ

Қарақоға орта мектебінің оқушысы Сұңқар Зарап РФ Кемеров облысы Новокузнецк қаласында өткен КСРО спорт шебері И.Я. Гуляевты еске алуға арналған грек-рим күресінен Бүкілресейлік турнирде жеңіске жетті. Бұл танымал турнирге Ресейдің ертүрлі аймақтарынан 250-ге жуық спортшы қатысты.

Сұңқар Зарап бұл жарыста жоғары шеберлік пен дайындықты паш етіп, жарыстың барлық кезеңдерінде сенімді жеңіске жетті. Мұндай деңгейдегі турнирлердегі жеңіс оның керемет спорттық әлеуеті бар екенін көрсетеді. Сол себепті бұл нәтиже жеке жетістік

қана емес, бүкіл Қарақоға мектебі мен жалпы аудан үшін зор мақтанш.

Сұңқардың Бүкілресейлік турнирдегі жеңісі - бұл үлкен жолдың басы ғана деп санаймыз және біз оның алдағы уақытта да жаңа жеңістерге жетіп, халықаралық аренада танылатынына сенімдіміз.

## «ЖАСТАР» АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДАСЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

22 қазан күні Батыр Баян атындағы мектеп-гимназия ЖММ мектебінде аудандық білім бөлімі қосымша білім беру орталығымен бірлесіп 2007-2008 жылғы жасөспірімдер арасында баскетболдан «Жастар» аудандық спартакиадасын өткізді.

Оған 5 мектеп қатысты. Атап айтар болсақ: Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы, Возвышенка ОМ, Ұзынкөл ОМ, Чистов ОМ және Полудинская ОМ. Тартысты ойынның нәтижесі бойынша: үшінші орынды Чистов ОМ спортшылары (жаттықтырушы А.А. Смолкин), екінші орынды Полудин ОМ (жаттықтырушы Ә.Б. Ерганаев) оқушылар иеленді.

Ал жеңімпаздар Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының спортшылары (жаттықтырушы А. Б. Мөкенов) жеңімпаз болып танылды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді құттықтай отырып, одан да биік-биік шыңдарды бағындыра берсін деп тілейміз.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН!



## ШЕКАРА ШЕБІНДЕ – ҚЫРАҒЫ КҮЗЕТ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы 15 мың шақырымнан асады, оның 12 мың шақырымы құрлықпен, 3 мың шақырымнан артығы Каспий және Арал теңіздерінен өтеді. Ал, Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара құрлықтағы ең ұзын шекара болып саналады, оның жалпы ұзындығы – 7591 шақырым.

Шекарашылар халықаралық терроризм, есірткі саудасы және шекарааралық қылмыстар жағынан қауіп-қатерлердің бәрін алдын алып, қырағы қызметте жүр. Осындай міндет жүктелген жауынгердің бірі – Мерген Қобланұлы. Ол 1996 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Смирнов ауылында дүниеге келген. Алғашқы орта білімін №3 мектептен бастап, 2014 жылы оқуын ойдағыдай тәмамдайды. 2014-2016 жылдары аралығында Петропавл қаласындағы Мағжан Жұмабаев атындағы колледжде әлеуметтік қызметкер мамандығы бойынша білім алып, 2016 жылы білімін жалғастырып, Абай Мырзахметов атындағы Қокшетау университетіне түсіп, 2020 жылы оқуын аяқтайды.

Кейін барша ер азаматтардың басты

борышы Отан алдындағы міндетін өтеу үшін Петропавл қаласындағы 40 күндік даярлық курсынан өтеді. Алғашқы еңбек жолын 2021 жылдың 22 қазан күні «Қасқат» шекара заставасына жұмысқа орналасып, 1-ші мобилділік топ барлаушысы лауазымында қазіргі уақытқа дейін еліне деген адал борышын абыройлы атқарып келеді.

Айта кету керек біздің кейіпкеріміз 2019 жылы өзінің өмірлік серігін тауып, отбасын құрған екен.

- Иә, әскерилер қай уақытта да қадірлі өрі құрметті мамандық иелері саналады. Қазір де солай. Өсіресе, шекарашылар бейбіт күннің өзінде де шекарамыздың тыныштығын сақтап, Отанымыздың күзетінде тұр. Біздің қару-жарағымыз бен құрал-саймандарымыз өрқашан сақадай сай тұрады, - дейді шека-

рашы Мерген Қобланұлы.

Жалпы елді қорғау – мемлекеттің қауіпсіздік саласында қатерлі де қауіпті қызмет болып табылады. Өйткені, «жау жоқ деме, жау – жар астында» - деп дана халқымыз бекерге айтпаса керек.

Отанды қорғау мәртебесі өрбір жауынгерге бұйырмаған. Бұл міндетті атқаруға көзінде оты жанып, елім, жерім деп тұрған азаматтарға бұйырған.

Ендеше, туған жерін қызғыштай қорғап, Отан алдындағы борышын адал атқарып жүрген барша ел күзетінде жүрген азаматтарға мықты денсаулық, жұмыстарына толағай табыс тілейміз. Еліміз, жұртымыз тыныш болып, Қазақстанымыз жайпап жадырай берсін деп тілейміз.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨМЕК

## «БІРГЕ ТҰРАТЫН ТӨРТ ЖӘНЕ ОДАН КӨП КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАСЫ БАР КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА БЕРІЛЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫНЫ ТАҒАЙЫНДАУ»

**Балалы тұлғалар (отбасылар) әлеуметтік қорғау түрін алуға құқығы бар:**

1) бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы;  
2) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;  
3) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алушылардың пайдасына қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау.

4) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы.

5) Бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы.

Көп балалы отбасыларға жәрдемақы тағайындау және төлемді жүзеге асыру 2023 жыл 20 сәуірдегі № 224-VII Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексімен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жыл 24 мамырдағы № 169 бұйрығымен бала туғанда берілетін жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидаларымен реттеледі.

Көп балалы отбасына берілетін жәрдемақы Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, сондай-ақ жәрдемақы алу құқығы Қазақстан Республикасы рәтификациялар халықаралық шартта көзделген шетелдіктерге беріледі.

Көпбалалы отбасыға жәрдемақы тағайындау үшін Мемлекеттік корпора-

**Көпбалалы отбасыларды қолдау мақсатында 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасыларға көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы енгізілді.**

ция немесе портал арқылы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Көпбалалы отбасыға жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттар қоса бере отырып, осы Қағидаларға 5 және 6-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінген күннен бастап тағайындалады. Жүгінуге өтініш берген күн болып есептеледі.

Жәрдемақы тағайындау үшін өтініш ұсыну Заңға сәйкес жәрдемақыны проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындаған кезде талап етілмейді.

Көпбалалы отбасыға жәрдемақы тағайындау кезінде отбасы құрамында тірі туған, асырап алынған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған балалар, егер олар басқа ата-анасының отбасында ескерілмеген болса, өгей балалар ескеріледі.

Бұл ретте отбасы құрамында өздеріне қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған немесе ата-ана құқығынан шектелген балалар есепке алынбайды.

Өтініш беруші бірге тұратын балалардың көпбалалы отбасыға жәрдемақы тағайындау туралы өтініште көрсете отырып, балалардың бірлескен тұрғылықты мекен-жайын растайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 16-бабына сәйкес он төрт жасқа толмаған балалардың заңды өкілдерінің тұратын жері олардың тұрғылықты жері болып танылады.

Ерлі-зайыптылар арасында неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда ата-ананың біреуімен балалардың бірге тұруы сот шешімімен расталады.

Кәмелетке толмаған балалар саны, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік білім бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалар бірге тұру фактісіне қарамастан отбасы құрамында ескеріледі.

**Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы ай сайын бюджет қаражаты есебінен мынадай:**  
төрт балаға – 16,03 айлық есептік көрсеткіш;  
бес балаға – 20,04 айлық есептік көрсеткіш;  
алты балаға – 24,05 айлық есептік көрсеткіш;  
жеті балаға – 28,06 айлық есептік көрсеткіш;  
сегіз және одан көп балаға – әрбір балаға 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексінің 74 бабына сәйкес әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды алушы:

1) заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды тағайындау үшін толық және анық мәліметтер ұсынуға;  
2) әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды

алу кезеңінде Мемлекеттік корпорацияға бала туғанда берілетін жәрдемақының, бала күтіміне байланысты жәрдемақының, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақының, наградталған анаға берілетін жәрдемақының, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін өзгертуге негіз болатын мән-жайлар туралы осындай өзгерістер туындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

Алушы бала туғанда берілетін жәрдемақының, бала күтіміне байланысты жәрдемақының, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақының, наградталған анаға берілетін жәрдемақының, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы уақтылы хабарламаған жағдайда, олардың мөлшері көрсетілген мән-жайлар туындаған кезден бастап, бірақ олар тағайындалған кезден кейін қайта қаралады.

3) әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылардың артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда – соттың заңды күшіне енген шешімінің негізінде сот тәртібімен қайтаруды жүргізуге міндетті.

Көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақыны тағайындауға өтініш жасау кез келген уақытта қандай да бір мерзіммен шектелмей жүзеге асырылады.

Көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақыны телеу барлық растаушы құжаттар болған кезде өтініш жасалған күннен бастап ағымдағы айға және осы жәрдемақы тағайындалған шарттар сақталған кезеңге жүргізіледі.

Көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақы отбасының табыстарына қарамастан тағайындалады.

**Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі.**

ЭНЕРГЕТИКА – ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСТЫ ТЕТІГІ

## ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖЕЛІЛЕРІНЕ ҚОСЫЛУ РӘСІМДЕРІ

«Doing Business» Дүниежүзілік банктің рейтингінде, мемлекет басшысымен Қазақстан 30 елдің қатарына кірінуіне міндеттелді, еліміздегі бизнес-климатты жақсарту үшін, үкіметпен айтарлықтай көп жұмыстар жүргізілуде.

«Doing Business-2020» баяндамасына сәйкес, 28 орыннан 25-ке көтерілді. Өткен жылмен салыстырғанда Қазақстан өз көрсеткіштерін 3 тармаққа жақсартты. Сарапшылар Қазақстан мемлекетінің Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина және Өзбекстан елдерінен алға озып шығуын белгіледі.

Қазақстан Дүниежүзілік банктің «Doing Business – 2020» халықаралық рейтингі есебінің «Электрмен жабдықтау желілеріне қосылу» индикаторы бойынша 67 орын алды (2018 жылы Қазақстан 76 орында болған).

Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 43 бұйрығымен электрмен жабдықтау желілеріне қосылу процедурасын жеңілдету мақсатында келесі нормативтік құқықтық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді:

• «Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет

өзгерту қағидалары» ҚР ЭМ 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 бұйрығымен бекітілген,  
• «Электр энергиясын пайдалану қағидалары» ҚР ЭМ 2015 жылғы 25 ақпандағы № 143 бұйрығымен бекітілген,  
• «Электрмен жабдықтау үлгілік шарттары» ҚР ЭМ 2017 жылғы 23 қазандағы № 356 бұйрығымен бекітілген.

Бұйрықпен келесі өзгертулер мен толықтырулар алдын ала қарастырылған:

- тұтынушының электрмен жабдықтау келісім-шартына нақты қол қою қажеттілігін жою;
- тұтынушыға (жеке және заңды тұлғалар) электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу үшін «бір терезе» арқылы құжаттарды ұсыну мүмкіндігі;
- электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу үшін құжаттар санын азайту;
- энергиямен жабдықтау ұйымын өзгерту

жағдайларын жақсарту;  
• техникалық шарттарын алу мерзімдері мен құжаттарын қысқарту;  
• тұтынушының жобалық құжаттамасын энергия беруші ұйымдарымен келісу үшін норманы алып тастау;  
• тұтынушы мен энергия жабдықтаушы ұйымдар арасында төлем құжаттарының түбіртектерін тапсыратын қағаз құжат айналымының қысқаруы;

• тұтынушы тұтыну шарттарын бұзған жағдайда қайта есептеу жағдайларын жақсарту (қайта есептеу ешбір уәзірме жүзеге асырылады).

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI ҚРЗ Заңының (әрі қарай - Заң) 11-тармағына сәйкес, табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің

көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды беруге өтініш бес жұмыс күні ішінде қаралады, техникалық шарттарды алу мерзімі 14 күннен 5 жұмыс күніне қысқартылды. Техникалық шарттарды беру және қайта рәсімдеу үшін ақы алынбайды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 68-бабына және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V «Жол жүрісі туралы» Заңының 68-бабына өзгерістер енгізіліп, тұтынушыларға өз уақытын жұмсаму үшін, мердігерге асфальтталған жол бөлігімен қоса, құрылыс-монтаждау жұмыстарын басталу туралы хабардар жолдауға рұқсат берілген.

Сонымен қатар, мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен бақылау бойынша органынан электр желісіне қосылуға рұқсат алу қажеттілігі жоқ.

**Николай БОРЗИЛОВ,**  
ҚР ЭМ Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы.

## «СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУ ТҮРІ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Осымен «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (орналасқан жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56) «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәдениет және тілдерді саласындағы функциялары мен

өкілеттіктері беріле отырып, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы өкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне;

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ішкі саясат саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы өкімдігінің ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы өкімдігінің 2024 жылғы

16 қыркүйектегі № 180 қаулысымен мемлекеттік органдар берілген функцияларын мен өкілеттіктеріне сәйкес қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік органның құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрақорлары болып белгіленді. (орналасқан жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56).

Қайта ұйымдастыру ресімі аяқталғаннан кейін барлық құқықтар мен міндеттер бойынша құқық мұрақоры «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы өкімдігінің ішкі саясат, мәдениет

және тілдерді бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

1 - «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы өкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;  
2 - «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы өкімдігінің ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, болып табылады.

**Сәуле НҰРҚАЙДАРОВА,**  
Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.



Дүйсенбі, 28 қазан	Сейсенбі, 29 қазан	Сәрсенбі, 30 қазан	Бейсенбі, 31 қазан	Жұма, 1 қараша	Сенбі, 2 қараша	Жексенбі, 3 қараша
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 04.15 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 TANSOLPAN. 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АҚОРДА. 14.25, 04.15 АТАМЕКЕН. 14.40 АЛПА. 15.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 САНА. 04.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АҚОРДА. 14.25, 04.15 АТАМЕКЕН. 15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 САНА. 04.40 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 04.15 «ӘЙЕЛ ӨЛЕМІ». 14.50, 04.45 «ҒЫЛЫМ АДАМЫ». 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 22.35 Т/Х «1001 ТҮН». 01.45 САНА. 04.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 04.45 АТАМЕКЕН. 14.35, 04.00 БАЛА ЖАҢЫ. 15.00 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ЗАМАДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.35 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.35 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.30 САНА. 05.10 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.25 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ. 07.00 TANSOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 02.30 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 04.45 АТАМЕКЕН. 14.35, 04.00 БАЛА ЖАҢЫ. 15.00 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ЗАМАДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.35 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.35 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.30 САНА. 05.10 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.45 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 17.00, 01.25 АҚПАРАТ. 07.00, 04.10 «АУЫЛДАСТАР». 08.30, 03.15 ШАҢЫРАҚ. 09.00, 02.25 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.00, 20.00 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП. 14.20 ДАРА БАЛА. 15.30 М/Ф. 17.20, 01.45 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 02.05 ӨЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 17.20 КОНЦЕРТ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН», Х/Ф. 03.25 «КУМИС КӨМЕЙ».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «АУЫЛДАСТАР». 06.30, 04.10 «ДӨУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф. 07.20 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 08.10 М/Ф. 09.40, 04.50 АҚСАУЫТ. 10.00, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.00 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП». 14.25, 02.30 АТАМЕКЕН. 14.50 «АЗАК КИНО ФАБРИКАСЫ Ш.АЙМАНОВ АТЫНДАҒЫ «КАЗҚИЛЫМ» УЛТТЫҚ КИНОСТУДИЯСЫНА 90 ЖЫЛ». 15.40 КОНЦЕРТ. 17.20, 02.55 ӘЙЕЛ ӨЛЕМІ. 20.00, 01.25 АЛПА. 20.50, 02.15 АҚОРДА. 21.00 ҚОҢД ТОЛҚЫНЫ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН», Х/Ф. 03.25 «КУМИС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 28 қазан	Сейсенбі, 29 қазан	Сәрсенбі, 30 қазан	Бейсенбі, 31 қазан	Жұма, 1 қараша	Сенбі, 2 қараша	Жексенбі, 3 қараша
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ДОРОҒА ДОМОЙ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 16.00, 22.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 18.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ӘЛЕУМЕТ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ДОРОҒА ДОМОЙ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 16.00, 22.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 18.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ДОРОҒА ДОМОЙ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 16.00, 22.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 18.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 16.00, 22.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 18.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 16.00 Т/С «ЧУЖАЯ». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 ОЙНАIQ. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «MANDAI TER». 06.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 ӨЗ ЕЛІМ. 09.30 НЕОСЕТЬ. 10.00 «КАСПЕР. ЛЕГЕНДА ВОЗВРАЩАЕТСЯ». Х/Ф. 11.25 М/Ф. 12.00, 21.45 «ТРАНС», Х/Ф. 14.00 ҚЫЗЫҚ ТИМЕС. 15.30 Т/Х «ҮЛКЕН ҮЙ». 17.45 АСЫЛ ДОМЫБАРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 MANDAI TER. 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.45 КОНЦЕРТ. 10.00 «ПРОЩАЙ, КРИСТОФЕР РОБИН», Х/Ф. 11.35 М/Ф. 12.00, 21.45 «СТРАННАЯ ЖИЗНЬ ТИМОТИ ГРИНА», Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 16.00, 17.15 Т/Х «ҮЛКЕН ҮЙ». 18.30 ОЙНАIQ. 19.30 ҚЫЗЫҚ ТИМЕС. 21.00 7 КҮН. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 28 қазан	Сейсенбі, 29 қазан	Сәрсенбі, 30 қазан	Бейсенбі, 31 қазан	Жұма, 1 қараша	Сенбі, 2 қараша	Жексенбі, 3 қараша
<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 03.45 П@УТИНА. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 Т/С «ВИНОВАТА ЛЮБОВЬ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 03.45 П@УТИНА. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 03.45 П@УТИНА. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 03.45 П@УТИНА. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 04.00 П@УТИНА. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.45 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ».	06.00, 03.25 ТАМАША СІТУ. 08.20, 02.40 П@УТИНА. 09.15 ҚАЙМАҚ. 09.50 «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА-2», Х/Ф. 13.45 «МИГ, УКРАДЕН-НЫЙ У СЧАСТЬЯ», Х/Ф. 17.50 «ТОЧЬ -В -ТОЧЬ». 20.05 «ИШЕЙКА-4», Х/Ф. 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.45 ТАМАША СІТУ. 08.10, 02.40 П@УТИНА. 09.10 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.20 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.15 «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА-2», Х/Ф. 14.00 «ЖЕМЧУЖНАЯ СВАДЬБА», Х/Ф. 18.00 «СТАРШАЯ ЖЕНА», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ИШЕЙКА-4», Х/Ф. 01.25 «РОДНЯ», Х/Ф.

**Еккенің тікен болса, орғаның балауса болмас.**  
**Алдынеы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болааның қайсы?!**  
**Мұхтар ӘУЕЗОВ**



## ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!**

**Сіздерге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатқанын хабарлаймыз.**

**Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.**

**Газетке жарты жылға жазылу бағасы - 990 теңге.**


**Анықтама телефоны: пошта - 2-17-80, редакция - 2-21-35.**



## ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Бұлаев қаласында 45 пәтерлі тұрғын үйге өтінімдер қабылдау жүргізілуде. Бағасы 1 шаршы метр үшін 165 000 тг. Бұл үйде 1, 2 және 3 бөлмелі пәтерлер бар. Барлық сұрақтар бойынша Отбасы банкінің кеңесшісі Гүлнәр Елубайқызы Жетпісбаеваға 8-705-589-20-92 телефоны хабарласуға болады.

## БОС ОРЫНДАР ЖӘРМӨҢКЕСІ ӨТЕДІ



2024 жылдың 29 қазанында сағат 10.00-де «Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығы» филиалы Бұлаев қаласы, Целинная көшесі, 12 үй («Аманат» пәтерлерінің мекен жайы бойынша «Бос орындар жәрмеңкесін» өткізеді. Анықтама үшін жұмыс телефоны: 8(71531) 2-81-54, ұялы телефон: 8 (775)007-88-51.

### ЖЕМҚОРЛЫҚ ИНДЕТ - ЖОЮ МІНДЕТ

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ - ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

**Сыбайлас жемқорлық - бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы.**

Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді, елдің имиджін, Қазақстан Республикасымен ынтымақтастыққа халықаралық қызығушылықты төмендетеді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдығы болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылады, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдар болып табылады. Барлық мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомстволық бағдарламалар мен жоспарларды қабылдайды, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы түрлі іс-шаралар белгіленеді.

Қарақоға ауылдық округі өкімінің аппаратында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шаралар қабылданауда. Жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіледі. Сыбайлас

жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен проблемалық мәселелер туралы хабарланады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты үгіт-насихат материалдары, буклеттер тарату, ауылдық округ әкімі аппаратының сайтында, Instagram және Facebook беттерінде ақпаратты орналастыру арқылы насихаттау бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі. Тұрақты негізде мамандармен құқықтық жалпыға бірдей оқыту жүргізіледі. Заңнамаға сәйкес ауылдық округ үшін жұмыстарды, тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу бойынша бөлінген бюджет қаражатын жұмсаудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сатып алудың жылдық Жоспары бекітілді, ол электрондық веб-порталда жарияланады. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу және тіркеу, өтініштерді қарау мерзімдерін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметтер көрсету тұрақты бақылауда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау әрбір азаматтың міндеті болып табылады. Тек бірлескен күш-жігермен ғана біз еліміздегі сыбайлас жемқорлықты жоя және жеңе аламыз.

**Жанболат МҰҚАШЕВ,**  
Қарақоға ауылдық округінің өкімі.

## ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІҢ МЕКЕНЖАЙЫН БЕРУ НЕМЕСЕ ЖОЮ ОНЛАЙН-ҚЫЗМЕТІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Енді пайдаланушылар eGov.kz порталында онлайн режимінде өз жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын бере немесе жою алады. Осы қызмет бойынша бұрын анықтама берген Халыққа қызмет көрсету орталықтарына бармай-ақ процесті автоматтандыруға мүмкіндік берді.

Мекенжайды беру жылжымайтын мүлік объектісіне мемлекеттік деректер қорында кейін сөйкестендіру үшін қажет ресми мәртебе береді. Бұл ақпарат меншік иелеріне өз мүлкін заңды түрде басқаруға мүмкіндік береді. Мекенжай коммуналдық жүйелерге (электр, су, газ), интернетке, пошталық жеткізілімге және басқа да көптеген қызметтерге қосылу үшін қажет. Ресми мекенжайдың болуы меншік иесіне құқықтық даулар туындаған жағдайда мүлік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді, себебі жылжымайтын мүлік объектісі Мекенжай тіркеліміне енгізіледі. Сондай-ақ, мекенжайсыз жылжымайтын мүлікпен мәмілелер: сатып алу-сату, сыйға тарту, жалға беру және басқа да заңды операциялар жасау мүмкін емес.

Қызмет жеке және заңды тұлғалар үшін қолжетімді және ақысыз негізде ұсынылады.

Қызметті алу үшін:

- eGov.kz порталында автори-

зациядан өтіп, «Жылжымайтын мүлік» - «Сатып алу, сату, жалдау» бөліміне өту;

- «Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын беру/жою» қызметін таңдау;
- қызметке ӘЦҚ көмегімен қол қою қажет.

Көрсетілетін қызметті алу нәтижесінде пайдаланушының жеке кабинетінде мекенжайды беру/жою туралы хабарлама-хат немесе дәлелді бас тарту көрсетіледі. Сұрау салу мәртебесі нәтижені алған күнін көрсете отырып, Жеке кабинетте де көрсетіледі.

Қызметтің жаңартылған функционалы ҚР Өнеркәсіп және қызылыс министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске қосылды.

**Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА.**

## ELICENSE.KZ ПОРТАЛЫНДАҒЫ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР

Elicense.kz порталында заңды тұлғалар үшін сынықтарды, сондай-ақ түсті және қара металдардың қалдықтарын жинау, сақтау, қайта өңдеу және өткізу бойынша қызмет автоматтандырылды. Рұқсат алу Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында кәсіпкерлердің қызметі үшін қолжетімді.

Рұқсат беру бойынша қызмет көрсету мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды. Кәсіпкер лицензияны өзінің орналасқан жері бойынша жергілікті атқарушы органдардан ала алады.

Рұқсатты алу үшін:

- elicense.kz порталында авторизациядан өтіп, «Жер қойнауын пайдалану» бөлімін таңдау қажет;
- «Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру» көрсетілетін қызметтер тізбесінен таңдау керек;
- барлық қажетті өрістерді толтырып, файлдарды жүктеп, мемлекеттік бағды төлеу қажет;
- ӘЦҚ/QR көмегімен қызметке қол қою қажет.

Мемлекеттік органның оң

шешімі болған кезде дайын лицензия пайдаланушының eicense.kz порталындағы «Жеке кабинетінде» «Рұқсаттар» модулінде көрсетіледі. Өтініш бойынша бас тартылған жағдайда «Менің өтінішім» модулінде дәлелді бас тарту сақталады.

Рұқсат беру үшін 10 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж төленеді. Төлем заңды тұлғаның тіркелген жері бойынша салық органының атына кез келген екінші деңгейдегі банкте жүзеге асырылады.

Жаңа қызмет ҚР Өнеркәсіп және қурылыс министрлігінің, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске қосылды.

## 2024 ЖЫЛДЫҢ 4-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің өкімі - Қайыржанов Марат Қанатұлы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-

ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бастомар ауылы, тел 3-57-33.

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдел кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округі өкімінің ап- параты» КММ - 8(71531) 3-57-33.

<p>Директор - бас редактор Тель ГОНЧАР</p> <p>Газеттің негізгі иесі: «Газета» «Вестин» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150899 Сәтәстүк, Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев қаласы, Батыр Баиы көшесі, 13 үй.</p> <p>Тел: 2-17-49, Басқалық нөмірі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magzhan Juldizy» газеті редакцияда терісін беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петровакв к., Копунов к-сі, 5 үй). Таралымы - 555</p>	<p>Газет аудан өкімінің, аудандық әкімдіктің тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуді респ. басқалық болып табылады</p>
--	---	--	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г күзлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады